

4. Амбрумова, А.Г. Мотивы самоубийств / А.Г.Амбрумова, Л.И.Постовалова //Социол. исслед., 1987, №6.

5. Амбрумова, А.Г. Методические рекомендации по профилактике суицидальных действий в детском и подростковом возрасте / А.Г.Амбрумова, Л.Я.Жезлова. – М., 1978

ӘОЖ 343

ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ ҚЫЛМЫСЫ ДӘСТҮРДІ ЖАМЫЛЫП ЖАСАЛАДЫ

Мейрамбек Ажар

azhar.meirambek01@mail.ru.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
заң факультетінің 2 – курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – К. Ж. Балтабаев

Орта Азия елдерінің тарихында кездесетін ортақ құбылыс – «Қыз алып қашу» дәстүрі. Қызды өз қалауымен немесе еркінен тыс әйелдікке алу Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Кавказ аймақтарынан шыққан және әлі күнге дейін кездесетін оқиға. Қыз алып қашу оқиғалары бұрын осы елдердің тарихында «салт-дәстүр», үйлі болудың бір амалы ретінде айтылған. Қырғыз, қазақ тарихында қыз алып қашудың бір себебін күйеу жігіттің «қалың мал» өтей алмауымен ұнатқан қызын өзара келісіммен алып қашқан арқылы байланыстырады. Қыздың келісімінсіз немесе құда түсіп кеткен ұрлық істерін қазақтар Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағының бір тармағы – «Жесір дауы» бойынша қатаң жазалаған. Жазаның әртүрлі түрлері қарастырылды: ірі айыппұл төлеуден бастап, өлім жазасына дейін тағайындалған. Басқа елдер сияқты, Кавказда қыздың ата-анасы некеге қарсы болған жағдайда, қыз өз еркімен жігітпен еріп қашқан. Өткен ғасырда бұл қатынастардың бәрі ауызша, ауылдың не аймақтың ақсақалдар алқасымен реттелген. Яғни, қыз алып қашу өз заманында қоғамның қажеттілігіне орай пайда болған үрдіс.

XX ғасыр бойы қыз алып қашу «дәстүр» деп дәріптелсе, қазіргі таңда бұл өзекті және заңға қайшы әрекеттерге әкеліп соқты. «Қыз алып қашу» дәстүр емес, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 125-бабы. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі бойынша да мұндай әрекет қылмыс ретінде саналады. Адам ұрлау заңмен жазаланып, адам ұрлаушы төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Қыз алып қашу негізінен осы баптың 2-бөлігінің «а» тармағында көрсетілгендей, «алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен» немесе жәбірленушінің келісімінсіз үйлену әрекеті жасалса, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Мысалы, бұл топта қызды ұрлауға қатысқан жігіттің ағасы, жолдастары, құрбысы болуы мүмкін Яғни, қызды алып қашуға қатысқан барлық адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Айта кететін жайт, ұрланған адамды өз еркімен босатқан адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады. «Неке және отбасы туралы» заңға сәйкес неке ерікті одақ болып табылады. Егер бір тарап келіспесе, онда неке заңсыз болып саналады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мәліметінше, 2019 жылы елімізде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық статистикасы 2015 жылмен салыстырғанда 90%-ға

дейін өскен. Тұрмыстық тирандар ислам діні тәрбие мақсатында әйелді ұруға рұқсат береді деп жиі ақтайды. Сондай-ақ, қыздарды оның келісімінсіз күштеп тұрмысқа шығару мақсатында ұрлау фактілері жиілеп кеткен.

Біреуді жылатып бақытты болу мүмкін емес, мұны көкірегі ояу, көзі ашық азаматтың бәрі түсінеді. Алайда еліміздің түкпір-түкпіріндегі ұрланған қыздардың басынан өткен оқиға туралы әлі күнге дейін естіп жатамыз. Қыз алып қашу Қазақстанның барлық аймақтарында, әсіресе, ауылдарында әлі кездесетін өзекті мәселе. Өкінішке қарай Қазақстанның оңтүстік аймақтарында, әсіресе Жамбыл, Түркістан мен Қызылорда облыстарында әлі де болса «қалыңдықты ұрлау» жойылмаған. Әрі қыздардың келісімінсіз орын алуда. Ең өкініштісі, осындай жағдайға тап болған қыздар, «отбасының абыройын» түсіруден қорқып, тұрмыс құруға мәжбүр болады. Тіпті бұрын көрмеген, танымайтын азаматқа да тұрмысқа шығады. Мұндай тұрмыс құрудың қорытындысы – кейбір отбасылар біраз уақыт өткеннен кейін ыдырайды. Қыз алып қашу – оның құқығын, ар-намысын аяқасты етіп, еркіндігін шектеу.

Мәселен, 2019 жылы республикада некеге тұру мақсатында қыз алып қашудың 210 фактісі тіркелсе, оның басым бөлігі Түркістан облысында жасалған – 102 факт. Атап айтқанда, Түркістанда – 29, Сайрам ауданы мен Кентауда – 19, Жетісайда – 11 және Мақтаарал, Келес, Төлеби аудандарында – 6 оқиға орын алған. Ал, Қазақстандағы әйелдер құқығын қорғайтын ұйымдардың бейресми есебіне қарасақ, жыл сайын жасөспірім қыздар Қазақстанда 5 мыңға жуық қыз алып қашудың құрбаны болады. ^[1]

2019 жылдың желтоқсан айында Арыс қаласында жастар қыз алып қашпақ болған. Желіде адам ұрлау сәті түсірілген видео тарады. Жазбада қыздың қарсылығына қарамастан, жастар оны күшпен көлікке итеріп салып, көмекке ұмтылғандарды итеріп жібергені байқалады. Бейнежазба пайда болғаннан кейін Түркістан облысының полиция департаменті бұл факті бойынша «Адам ұрлау» бабы бойынша «қыз ұрламақ болған» жергілікті тұрғындарға қатысты қылмыстық іс қозғалғанын хабарлады. Арызды ұрланған қыздың анасы берген. 2020 жылдың ақпан айында полиция Азаттыққа тергеудің жабылғанын хабарлады. Олар «күдікті мен жәбірленуші бір сыныпта оқитынын, жас жігіт тұрмысқа шығу үшін қызды ұрламақшы болғанын» хабарлады. Тараптардың татуласуына байланысты бойжеткен арызын қайтарып алып, жас жігітке ешқандай талабы жоқ екенін айтты. ^[2]

Ал, көршілес ел Қырғызстанның құқық қорғаушылары 2013 жылы республика бойынша «Қыз алып қашуға жол бермеу» жылы ретінде жариялауды ұсынған болатын. Қырғыз Республикасындағы қоғамдық ұйымдардың зерттеуіне жүгінсек, бұл елде әрбір қырық минут сайын бір қыз алып қашудың құрбаны болады екен. Статистика алып қашу жолымен құрылған некелердің 80 пайызында – қыздың қалауы жоқ екенін көрсеткен. ^[3]

Алып қашуға әдетте күдіксіз "қалыңдықтың" құрбылары мен таныстары қатысады, олар оны елсіз жерге шығарады, одан әрі "күйеуі" оны автокөлікке күштеп отырғызып, өз үйіне апарады. Үйге келісімен "қалыңдыққа" орамал тағылады, мерекелік дастархан жайылады, жас әйелдер күйеу жігітті мақтай бастайды, ал оның әпкелері мен әжелері қызды неке қиюға келісуіне иландырады. Үйде "қалыңдықты" ұстап қалу үшін қазақтарда үлкен кісіні аттап өту күнә болып саналғаннан күйеу жігіттің әжесі тіпті табалдырыққа жатып алуы мүмкін. Ұрланған қыз осындай істерге қарсы тұру үшін үлкен батылдыққа ие болуы керек. Қыз үшін - адамды психологиялық тұрғыдан қорлаудың бір түрі. Қазақ қыздары ұяң келеді – жігіттердің озбырлығына көніп, «құдай салды, мен көндім» деп тағдырға бойсұнуда. Бұған кейбір ата-аналардың ұрланған қызды кері қабылдамауы да итермелейді

Қызды алып қашу біріншіден, бұл құқықтық сауаттылықтың төмендігінен. Екінші – адамның өз әрекетінің салдары мен жауапкершілігін сезінбеуі. Кез келген адам бұл әрекеті үшін қылмыстық жазаның бар екенін ұғынуы керек.

Әлеуметтік желіде "қыз алып қашу қажет пе, жоқ па?" деген сауалнама жүргізілді. 75 пайызы қыз алып қашуға "түбегейлі қарсымын" деп жауап берді. Ал 25 пайызы "қыздың келісімімен алып қаша беруге болады" деп шешті. Ал егер қыз келіспесе, алып қашқан

тірліктері қылмыс болып есептеледі. Сауалнамаға қатысушылардың барлығы шектен шыққандарды жазалауды құп көретіндерін білдірді. ^[4]

Қазір қызды ұрлап, некеге отырғызу бір елдің ғана емес, халықаралық деңгейдегі проблемаға айналды. Әйелдер құқығын қорғайтын сан түрлі халықаралық ұйымдармен қатар Біріккен Ұлттар ұйымының өзі қазір «Қыз алып қашу» дәстүрінің заңсыз екенін және бұған қарсы күресте бүкіл мүдделі тараптар бой көрсетуі керектігін айтады.

Жуырда заңгер Әсел Тоқаева : Бізге де Қырғызстан сияқты қыз алып қашуға қатысты заңға "адамды некеге тұру мақсатында ұрлау" деген арнайы құқықтық норма немесе заң енгізу керек деп жазған еді өзінің Facebook желісіндегі парақшасында. «Қырғыз Республикасындағы Біріккен Ұлттар ұйымы бұл заңсыз тәжірибенің жойылуын толықтай қолдайды және Қырғыз Республикасымен қол қойылған келісімге сай, 2022 жылға дейінгі қызметінде осы мәселеге басымдық береді», - деп жария еткен БҰҰ өз мәлімдемесінде.

Қорыта келгенде, адамға бостандық табиғаттан, туылғаннан берілген яғни, ол абсолютті оны мемлекет немесе басқа бір кісі оған оны сый ретінде берген жоқ. Адам өзінің бостандығын өзі басқарады, өз еркімен өмір сүреді, олардан ешкім айыра алмайды. Яғни, адам тағдыры, сезім, түсінік деген "дүниелерді" ескермей, бір көрген ұнатқан қызды алып қашқандар және қыздың келісімінсіз алып қашқандар қаншама? Қыз алып қашу қыз бен жігіт жағы өзара келісіммен, сөз байласуымен болатын салт - дәстүр. Бірақ, дәстүрді бұрмалауға болмайды. Ал салт - дәстүрдің үрдісін бұзбаса қазіргі таңда адам ұрлау, қинау, зорлық - зомбылық деген дүниелер болмас еді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. 210 случаев похищения невест произошло в Казахстане в 2019 году, половина из них – в Туркестанской области-12 февраля 2020 г.
2. Мөлдір Қалықова / / Арыста қыз алып қашқан жігіт бостандыққа шықты-26 желтоқсан 2019 ж.
3. Кенжекей Тоқтамурат / / Қалындық ұрлау:дәстүр ме,қылмыс па?-12 наурыз 2019 ж.
4. Қыз алып қашу абыройлы іс пе?- 13 Сәуір 2015 ж.
5. Конституция 1995 жылы 30 тамыз.
6. Қазақстан Республикасының Кодексі-2014 жылғы 3 шілде.
7. Мустафина Р. М. Представления, культуры, обряды у казахов: в контексте бытового ислама в южном Казахстане в конце XIX—XX вв. — 1992. — Б. 45.
8. Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдарының жинағы.
9. Муминов А. // Кража невест – часть реального казахстана, - эксперты- 12 маусым 2015
10. Лена Мұратбек / /Қыз алып қашу. Ата дәстүрі ме әлде заңмен тосқауыл қояр ескірген салт па?-27 ақпан 2018 ж.